Бухгалт.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы басшысының орынбасары
А. Темирхановаға

Қызметтік хат

2026 қаржы жылының басталуына байланысты Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы интернет желісіне қол жеткізу бойынша қолданыстағы шарттың болмауына орай, мекеменің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында төмендегіні хабарлаймыз.

Бүгінгі уақытта 2026 жылға арналған интернет желісіне қол жеткізу қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімі дайындық және өткізу сатысында тұр. Осыған байланысты мемлекеттік сатып алудың қорытындылары шығарылып, шарт заңды күшіне енгенге дейін күнделікті қажеттілікті қамтамасыз ету үшін интернет қызметтерін сатып алу қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 35) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейін күнделікті және (немесе) апта сайынғы қажеттілікке арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізуге, сатып алу рәсімін өткізу мерзіміне қажетті көлемде, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

Осыған орай, интернет желісіне қол жеткізу қызметі күнделікті қажеттілікке жататындығын және жаңа қаржы жылының басталуын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шыққанға дейін, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге интернет желісіне қол жеткізу бойынша уақытша шарт жасасуға рұқсат беруіңізді сұраймыз.

Аталған шара мекеменің қызметін тоқтатпауға және жұмыс үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Стратегиялық жоспарлау,
Материалдық-техникалық базаны және
күрделі жөндеуді қамтамасыз
ету бөлімінің бас маманы **Д.Джубанышев**

(Р. Мусанова)